

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
«БАЛДӘУРЕН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Балдәурен» РОСО» РМҚК
Бас директорының
2022 жылғы «18» қарашадағы
№137 бұйрығымен
бекітілген**

**«БАЛДӘУРЕН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА БАЛАЛАРДЫ
ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ БОЙЫНША
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Бұл ереже «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткізілетін тақырыптық ауысымдарға және басқа да іс-шараларға балалар мен жасөспірімдерді іріктеу және жіберу тәртібін, топтарды құру және жетекшілік ету, құжаттарды дайындау, тәрбие және білім үдерісіндегі қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Көрсетілген ережемен «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы, оның филиалдары, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, бағыттаушы ұйымдар және ата-аналар (оларды алмастыра алатындар) негізге алады.
- 1.2. «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы туралы жалпылама мәліметтер.
- 1.2.1. «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (*әрі қарай – «Балдәурен» РОСО, Орталық*) – балаларды және жасөспірімдерді тәрбиелеу, білім беру, сауықтыру, демалу функцияларын жүзеге асыратын мекеме.
- Жыл бойы әрекет ету орталығы, өткізу қабілеті:
- Щучинск қ., «Балдәурен» РОСО (бас орталық) – 288 бала;
 - Қапшағай қ., «Балдәурен» РОСО (кешен) – 250 бала (11 ауысым), 300 бала (5 ауысым);
 - Түркістан облысы, «Балдәурен» РОСО (филиал) – 260 бала;
 - Балқаш қ., «Балдәурен» РОСО (филиал, инклюзивті бағыт) – 155 бала, оның ішінде 55 – арнайы білімді қажет ететін балалар.
- Оқу маусымында ауысымның ұзақтығы – 20 күн, жазғы маусымдарда - 15 күн. Қыркүйектен мамыр айына дейін оқыту негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес (5-9 сыныптар), сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу жоспарлары бойынша жүзеге асырылады (негізгі орта білім беру деңгейіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламалары – Балқаш қ. филиалы):
- Щучинск қ., «Балдәурен» РОСО – қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын 5-9 сыныптар;
 - Қапшағай қ., «Балдәурен» РОСО (кешен) – қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын 8-9 сыныптар;
 - Түркістан облысы, «Балдәурен» РОСО (филиал) – қазақ тілінде оқытылатын 7-9 сыныптар;
 - Балқаш қ., «Балдәурен» РОСО – қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын 5-9 сыныптар.

Орталық дарынды және шығармашыл балаларға арналған тақырыптық ауысымдармен айналысады: халықаралық, республикалық, өңіраралық, қалалық, мектеп олимпиадаларының, оқушылардың шығармашылық конкурстарының жеңімпаздары, ауысым барысында республикалық және халықаралық фестивальдар, байқаулар, конференциялар, семинарлар және шеберлік-сыныптар т.б. өткізеді.

2. БАЛАЛАРДЫ ІРІКТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 2.1. Орталыққа тегін жолдама жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сынып оқитын 11 жастан 15 жасқа дейінгі қоғамдық қызметте, оқуда жетістікке жеткен оқушыларға, белсенділерге, жарыстар, олимпиадалар, фестивальдар, көріністер, байқаулар жеңімпаздары мен көп балалы және аз қамтылған отбасындағы балаларға беріледі.
Тегін билеттерді қайта сатуға тыйым салынады!
- 2.2. Өзге мемлекеттерден жіберілген балалар мен жасөспірімдерге жолдама толық бағасымен төленеді. Ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдер негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің шешімдері, сондай-ақ балалармен алмасу жөніндегі халықаралық балалар орталықтарымен жасасқан шарттар негізінде ерекшеліктер жүзеге асырылады.
- 2.3. Орталыққа денсаулығына байланысты қарсы көрсетілімдері бар (қосымша 1), жас ерекшелігіне сай келмейтін, тиісті құжаттары жоқ балалар қабылданбайды және балаларды Орталыққа жіберуге жауапты ұйымның қаражаты есебінен қайтарылады. Бұл жағдайда жіберуші ұйымдар ата-аналарға олардан алынған барлық соманы қайтаруға міндетті.
- 2.4. Орталыққа келу жолақысы мен тамағы және кері қайту шығыны ана-аналар немесе жіберуші ұйымдар есебінен жүргізіледі.

3. ЖОЛДАМАЛАРДЫ ТАРАТУ МЕН ТОПТАРДЫ ҚҰРУ

- 3.1. Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жолдамалардың квотасы жыл сайынғы жоспар, ауысымдардың жоспар-кестесі, Орталыққа келу кестесі өткен жылдың 25 қарашасына дейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен қарастырылады және бекітіледі.
- 3.2. Жолдамаларды тарату квотасы жоспарына сәйкес облыстық білім департаменттері, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ауысымның тақырыптарына сәйкес балаларды Орталыққа жіберуді жүзеге асырады.
- 3.3. Орталыққа келер алдында балалар тұрғылықты мекен-жайға сәйкес емханаларда тереңдетілген медициналық тексеруден өтеді және жіберуші ұйымға «Сауықтыру лагеріне баратын оқушыға медициналық анықтама» толтырылған № 071/у медициналық картасын, Ф-63 анықтама көшірмесін, ОАМ, ОАК және дифтерияға, ішек құрты талдамалары нәтижелерін, флюорографиясын (15 жас және одан ересектерге), 3 күннен ерте емес санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жөніндегі анықтама тапсыруы қажет.
- 3.4. Топ жолға шығуға 15 күн қалғанға дейін кешіктірілмей құрылып, бекітілуі тиіс. Балаға өзімен бірге міндетті түрде мезгілдік сырт киімі, іш киімі, жеке гигиеналық қажетті заттар, жүзу бассейніне арналған киімі, спорттық киім және аяқ киім, сабақ оқуға қажетті заттары, жеке басына жұмсалатын ақшасы болуы қажет. Жіберуші жақ топ құру кезінде балаларды ұлттық киімдермен, музыкалық аспаптармен, өз өңірінің тарихына байланысты ауысым тақырыбы бойынша материалдармен қамтамасыз етуі тиіс.
- 3.5. Облыс бойынша кепілдендірілген жолдамалардың квотасында жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға, Қазақстанның экологиясы нашар өңірлерінің балаларына, мүгедек балаларға, тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар және толық емес отбасы балаларына (жалпы орын санынан 20%), көркемөнер мектебі балаларына (жалпы орын санынан 10%), шығармашылық бағыттағы балаларға (жалпы орын санынан 10%),

ауылдық жердегі балаларға (жалпы орын санының 5%-ы) орындар бөлінген. Қалған квота балаларға ауысым тақырыбына сәйкес беріледі.

- 3.6. Ереженің «Мекеме Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен анықталған іс-әрекеті өз кірісі мен бюджеттік құралдар есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады» атты 6 бабының 40 бөлімі негізінде Орталық жолдама берумен айналысады.
- 3.7. Келісім-шартты жолдамалардың бағасы Орталық белгілеген үстемемен белгіленеді.
- 3.8. Жолдамаға тапсырыс беруші мекемелер Орталықпен келісім-шарт жасасып, келісілген уақытта төлем жасайды.
- 3.9. Балаларды келісім-шартпен жіберетін мекемелер осы Ереженің барлық талаптарына бағынады.
- 3.10. Келісілген баға бойынша жолдамалардан түскен қаржы Орталықтың бюджеттен тыс есебіне есептеліп, Орталықтың ережесіне сай ғана жұмсалады.

4. ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ

- 4.1. Дұрыс рәсімделген құжаттар баланың Орталыққа қабылдануына негіз болады.
- 4.2. Орталыққа бағытталған балалар делегациясын шығарып салушы жіберуші жақтың өкілетті адамы болып саналады және білім беру басқармасының бұйрығымен тағайындалады. Сонымен қатар келесі құжаттары болуы тиіс:
 - Облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармаларының балаларды жол жүру барысында балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты шығарып салушы адаммен бірге жіберу туралы бұйрығы;
 - **2 қосымшаға** сәйкес электронды құралға жазылған жіберуші жақтың басшысымен бекітілген, мөрі басылған балалардың тізімінің үш данасы;
 - жеке куәлік, балалардың тууы туралы куәліктерінің көшірмесі;
 - іс-сапар куәлігі мен жеке куәлігі;
 - педиатр дәрігер немесе жасөспірім кабинеті дәрігерінің баланың жағдайына берген кешенді бағасы толтырылған әр баланың медициналық картасы дәрігердің жеке мөрімен расталып, мекеменің барлық мәліметтері бар мөр мен штампы болуы тиіс; медициналық анықтамалар (3 параграфтағы 3.3 мақаласын қараңыз);
 - «Балдәурен» РОСО ауысымға қатысушы баланың ата-аналарына арналған сауалнамасы;
 - ата-анасының (заңды өкілдерінің) медициналық қызмет көрсетілуіне келісімі;
 - баланың ата-анасының (заңды өкілінің) «Балдәурен» РОСО» РМҚК ауысымының іс-шараларына қатысуға келісімі.
- 4.3. Шығарып салушылар іс-сапар куәлігі негізінде белгіленген тәртіпте жіберуші жақтың кассасынан келесі есептеулерді алады:
 - тәуліктік;
 - пәтерлік;
 - балалардың тамағына ақша (сомасын жіберуші жақ белгілейді);
 - жолдағы төсек-орын жабдығына ақша;
 - жолақы билеттері.
- 4.4. Шығарып салушылар кері қайту билеттерін өз беттерімен алуы тиіс. Орталық әкімшілігі билет алумен айналыспайды.
- 4.5. Қазақстан Республикасы Жолаушыларды тасымалдау инвестициялар және даму министрінің 2015 жылдың 30 сәуіріндегі №545 бұйрығымен бекітілген темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүк-багажын және поштаны тасымалдау қағидаларына сәйкес жіберуші жақ балаларды Орталыққа жеткізу мен кері оралуды қамтамасыз етеді және 10 балаға ең кем дегенде 1 шығарып салушы мен медициналық қызметкер болуы тиіс. Шығарып салушылар балаларды Орталыққа жеткізер жолда туындайтын мәселелерді тез,

жылдам шешетін, қажет болса төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ете алатын жауапты қызметкерлер болғаны жөн.

- 4.6. Шығарып салушылардың іс-сапары жіберуші жақ есебінен жүзеге асырылады.
- 4.7. Делегация 15 күн бұрын Орталыққа шығар алдында келу уақытын, поезд номерін, вагон, самолет рейсі, баламен бірге келушілердің тегі және бала саны көрсетілген электронды тізімді Орталықтың поштасына жібереді (жібермеген жағдайда балалар делегациясы Орталықтың жұмыскерлерімен күтіп алынбайды).
- 4.8. Балалардың Орталықтан қайту уақытына 2 күн қалғанда жетекші келмеген жағдайда, Орталық әкімшілігі балалармен бірге өз қызметкерін жібереді. Орталықта денсаулығына байланысты қалып қойған балаларды ата-аналары немесе жіберуші жақтың өкілдері алып кетеді. Балаларды Орталық қызметкері жеткізетін жағдайда шығынды жіберуші ұйым көтереді.
- 4.9. Жіберуші ұйымдардың жауапты қызметкерлері балалардың Орталықтан кету тәртібі туралы ата-аналарды хабардар етуі қажет.

5. ТОПҚА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТУ

- 5.1. Орталыққа келген жағдайда жетекші балаларды Орталықтың кезекші өкіліне тапсырады. Жетекшінің Орталық аумағында қалуы қарастырылмайды.
- 5.2. Жетекшілер балалардың өмірі мен денсаулығына Орталықтың кезекші өкіліне тапсырғанға дейінгі уақытта толықтай жауап береді. Жіберуші ұйымдар балаларды тасымалдауда қауіпсіздікті сақтау ережелерімен таныстыратын нұсқаулық өткізгеннен кейін жетекші нұсқаулыққа қолын қояды.
- 5.3. Орталықтың балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жауапкершілігі балалар делегациясын қабылдап алу жетекшісіне тапсырған сәттен басталады.

6. БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 6.1. Ата-аналар, балалар мен жасөспірімдер, Орталық қызметкерлері білім беру және тәрбиелеу процесіне қатысушылар санатына жатады:
 - 6.1.1. Орталыққа жіберілген балалардың ата-аналары (немесе қамқоршылары) **құқылы**:
 - орталық Жарғысымен, балаларға қойылатын шарттармен, олардан талап етілетін жағдайлармен, балалар қатысатын білім беру бағдарламасының мазмұнымен танысуға;
 - теріс ақпарат алған жағдайда баланың құқығын қорғауға;
 - орталықтың қызметін жақсартуға байланысты ұсыныстарымен Орталықтың әкімшілігіне баруға;
 - ұйымдастырушы-ұстаздарға балалармен жұмыс істеу жағдайына байланысты жекелей ұсыныстарын айтуға.
 - 6.1.2. Орталыққа жіберілген балалардың ата-аналары (немесе қамқоршылары, заңды өкілдері) **міндетті**:
 - орталықта болған кездегі балалардан талап етілетін жағдайларды балаларға таныстыруға;
 - баланы өзіне-өзі қызмет көрсете білу дағдыларына үйретуге;
 - баланы санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға үйретуге;
 - баланы Орталықта болу аралығында қажет болатын заттармен, киімдермен қамтамасыз етуге;
 - 10 күн бұрын (осы мерзімнен аспау қажет) баланы медициналық тексерістен өткізуге;
 - балалар тобының жетекшісіне өз баласының жеке басының ерекшеліктері туралы ақпарат беруге;

- баланың тәртіпсіздігі не басқадай жағдайларына байланысты Орталыққа шығын келтірілетін болса, келтірілген шығын құнын өтеуге;
- баланың денсаулығына байланысты шын жағдайдағы ақпараты жасырған болса, (жұқпалы аурулары, Орталықта болуға тыйым салынған жағдайлары болса) Орталық өкіліне баланы мекен жайына жеткізгені үшін жұмсалатын шығынды өтеуге;
- педагогикалық кеңестің шешімімен баланы орталықтың тәртібін өрескел бұзуы себепті мерзімінен бұрын жіберетін болса, Орталық өкіліне баланы мекен жайына жеткізу шығынын өтейді.

6.1.3. Балалар мен жасөспірімдердің орталықта болу мерзіміндегі **құқықтары:**

- орталықтың іс-шаралары мен білім беру бағдарламаларын (қосымша білім беру бағдарламаларын) таңдау;
- мемлекеттік білім стандарттарына сай білім алу;
- қосымша білім беру қызметтерін, оның ішінде ақылы білім алу;
- балалардың өзін-өзі басқару жүйесі арқылы Орталықтың істерін басқаруға қатысу;
- оның адамгершілік қасиеттерін сыйлау;
- өз ойын, көзқарасын еркін жеткізу;
- мүлкін, өмірін және денсаулығын сақтау;
- ауырған немесе жарақаттанған жағдайда кәсіби медициналық көмек алу;
- балалар құқығы Конвенциясында анықталған еркіндіктерді және құқықтарды қорғау;
- оқу бағдарламалары, медициналық қызмет, тамақтану және тұрмыстық жағдайлар жөнінде туындаған мәселелер бойынша Орталық әкімшілігіне мәселелерді түсіндіруді сұрау;
- балалар мен жасөспірімдер келеңсіз жағдайлар орын алған уақытта объективті баға беруге және ұйымдастырушы мұғалімді ауыстыруға дейін тиімді шаралар қабылдау.

6.1.4. Балалар мен жасөспірімдердің Орталықта болу кезіндегі **міндеттері:**

- өз шамасына қарай білім бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуға;
- күн тәртібі мен балалар жатаханасының ережелерінің талаптарын орындауға;
- ұйымдастырушы-ұстазсыз орталық аймағынан кетпеуге;
- қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға (бөлмені, орталық аймағын жинауға, кезекшілік етуге);
- санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға;
- өзінің сырт келбетін, киімін қарауға, тазалығын сақтауға;
- орталық қызметкерлерін сыйлауға;
- орталық мүлкін сақтауға;
- ауырған немесе басқа да келеңсіз жағдайларда өзінің ұйымдастырушы ұстазын немесе медицина қызметкерін ескертуге;
- өзінің және жанындағылардың денсаулығына зиян келтіретін істерді жасамауға;
- табиғатқа және өсімдіктер әлеміне жанашырлықпен қарауға.

Орталықта қатаң тыйым салынатын жағдайлар:

- шылым шегу, алкогольді ішімдіктерді ішуге, тыйым салынған медициналық, нашарлық дәрі-дәрмектерді қолдануға;
- өз бетімен суға түсуге;
- өз еркімен Орталықтан кетуге болмайды.

Жасөспірімдермен балалар Орталыққа жіберілгенде осы құқықтар және міндеттермен танысып, егер оларды орындауға мүмкіндік болмайтын жағдай болса, онда Орталыққа келуден бас тарту керек.

6.2. Орталық құқылы:

- бала Орталыққа қабылданбайды, егер:
 - қабылдайтын балалар жасына сай келмесе;
 - жасөспірімнің осы аталған ережелерді сақтаудан бас тартқан жағдайында;
 - Орталықта болуға медициналық талаптар сай болмаса;
 - жасөспірім осы көрсетілген ережелерді орындамаған жағдайда ата-анасын, білім мекемелерін және жіберген ұйымдарға ақпарат беруге;
 - ерекше жағдайларда жасөспірімді ата-анасының есебінен тұрақты мекен жайына жеткізуге;
 - психологиялық эмоционалды мәселелері бар қоршаған ортаға зиянды ауысым бағдарламасын жүзеге асыруға бөгет жасайтын балаларды қабылдамауға.

6.3. Орталық міндетті:

- жасөспірім өмірін қамтамасыз ететін бес мезгілдік тамақ және мемлекеттік талаптар мен ережелерге сай тұрмыстық қызмет көрсетуге;
- өмірі мен денсаулығын сақтауға;
- медициналық қызметпен қамтамасыз етуге;
- білім үрдісін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;
- жасөспірімнің мүліктік құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге;
- қоғамдық және қоғамдық саяси ұйымдарға және партияларға сонымен қатар оларға кіруге үгіттеуге, үгіт жұмысын күштеп жүргізуге тиым салуға;
- баланы төтенше жағдайларда қорғауға, басқа қорғану мекемелеріне жіберуді қамтамасыз етуге, өз мекен жайына жеткізуге (апат, соғыс, эпидемия, т.с.с.).

**«БАЛДӘУРЕН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА ОҚУ ЖӘНЕ
САУЫҚТЫРУҒА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ЖІБЕРУ МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚАРАУДАН ӨТКІЗУДІҢ
Т А Л А П Т А Р Ы**

1. Балалар мен жасөспірімдердің «Балдәуренге» жүруіне 5 күн қалғанда **дифтерияға** тексерілудің нәтижесі **міндетті** болып саналады.

2. Балалар мен жасөспірімдер жас ерекшеліктері мен эпидемиологиялық жағдаяттарға сай өздерінің тұрғылықты жерлерінде **тіркелген** болу керек. 063 үлгісінің көшірмесі болуы қажет.

3. Мынандай жағдайларда Орталыққа қабылдауға және жіберуге **тыйым салынады:**

- созылмалы ауруларда;
- түрлі органдар мен жүйелердегі туберкулездің барлық формаларында;
- диспансерлік тіркеуден алынғанға дейінгі белсенді және ұстамалы ревматизмде;
- жүре пайда болған және туа біткен қан-тамыр, жүрек ауруларында, соның ішінде ота жасалғандар да;
- жоғары қан қысымымен ауырған жағдайларда;
- қан ауруларында;
- эпилепсия, басқа да ұстамалы аурулар мен олардың баламаларында;
- психикалық аурулар мен реактивті жағдайларда;
- бронхоэтикалық аурулар мен бронхиальдібаспаларда;
- асқазан жаралары мен 12 елі ішектің ауруларында;
- нефрит, пиелонефрит – басылуына 5 жылдан кем болмауы керек, созылмалы нефрит, пиелонефрит, бүйрек ауруларында, бүйрек қызметінің бұзылуына байланысты туа біткен ауруларында;
- эндокриндік жүйенің ауруларында, қант диабетінде, тиреотоксикозда;
- барлық жұқпалы, терінің паразиттік ауруларында (кышыма, т.б.);
- ісіктердің пайда бола бастағандағы жағдайларында.

Жұқпалы аурулардан емделіп шыққандарды жіберген жағдайда Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Орталық Азия елдерінің Денсаулық сақтау Министрліктерінің сәйкес жарлықтарын басшылыққа алу қажет.

4. Тістерді санациялауды қажет ететіндер – тиісті шараларды қолдану керек.

5. Педикулез жұққан балалар қараудан өту керек.

«БАЛДӘУРЕН» РОСО» РМҚК-НА ЖІБЕРІЛЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

(облыс, қала) _____

№ _____ « ____ » _____ 20 ____ ж.

Білім беру департаментінің (басқармасы) жарлығы

ауысым № ____ « ____ » _____ - « ____ » _____ 20 ____ ж.

Тізімді білім басқармасының басшысы бекітеді

№	Баланың Т.А.Ә.	Туылған күні, айы, жылы	Үй телефоны, мекен- жайы	Оқу орны, сыныбы	Ұлты	Ата-анасы, жұмыс орны, байланыс телефондары	Жолдаманың берілу себебі (не үшін?)

Білім беру басқармасының басшысы

Т.А.Ә.

М. О.

Жетекші

Т.А.Ә.

Жолдамаға ресми қосымша
(баланың ата-аналары толтырады)

**Өз балаларын «Балдәурен» РОСО» РМҚК-ға жіберетін
АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА**

Сауалнаманы толтырғаныңыз үшін алдын ала алғыс білдіреміз!

Бұл сауалнама Сіздің балаңызды жақсырақ және тезірек тануға және онымен жеке қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Баланың туу туралы куәлікке сәйкес аты-жөні <i>(бар болған жағдайда)</i>	Тегі _____ Аты _____ Әжесінің аты (бар болса) _____
Баланың туған күні, айы, жылы	
Нақты тұратын мекен-жайы	Облысы _____ Қала (аудан) _____ Ауыл (елді мекен) _____ Көшенің аты _____ Үй № _____ пәтер нөмірі _____
Сіздің балаңыз лагерьге бұрын барған ба (7 және одан да көп күн), қанша рет, қай жастан бастап?	
Сіздің балаңыз «Балдәурен» РОСО» немесе оның филиалдарында демалды ма? Егер жоқ болса, біз туралы қайдан білдіңіз?	
МЕДИЦИНАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР	
Диета қажеттілігі, қандай тағамдар	
Суық тию ауруларына бейімділігі	
Күннің ыстығын көтере ала ма?	
Сіздің ойыңызша, маңызды саналатын баланың басынан өткен ауруларды, жарақаттарды және ауруханада жатып емделген ауруларын көрсетіңіз	
Оталар (егер болса, қандай және қашан болғанын көрсетіңіз) жасалды ма?	
Сіздің балаңыздың аллергиялық реакциялары бар ма? (Қай кезде қалай көрінеді, қандай дәрілермен емделеді)	1) дәрілерге _____ _____ _____ 2) азық-түлікке _____ _____ _____

	3) өсімдіктердің гүлденуіне, жәндіктердің шығуына ____ _____ _____
	4) басқа _____ _____ _____
«Балдәурен» РОСО-ға дәрі-дәрмектерді алып келуге тыйым салынады, бірақ егер балаға қандай да бір дәрі-дәрмектерді жүйелі түрде қабылдау қажет болса, олардың атауы мен қабылдау тәртібін көрсетіңіз	Дәрінің атауы _____ Қабылдау тәртібі _____
Балаңыздың көлікте жүрегі айнады ма?	
Ұйқысының ерекшеліктері (астын сызыңыз)	1. Күндізгі ұйқыға дағдыланған ба: иә, жоқ. 2. Түнгі ұйқысының сипаты: тыныш, жиі оянады, түнгі қорқыныш.
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ	
Сіздің балаңыз қандай спорт түрлерімен айналысқан (айналысады)? Қаншалықты айналысты?	
Бала физикалық белсенділікке қалай шыдайды? Қаншалықты тез шаршайды?	
Сіздің балаңыз жүзу біле ме? Қаншалықты сенімді?	
Сіздің балаңызда бір нәрседен немесе әлдекімнен қорқу бар ма?	Биіктіктен қорқу, қараңғыдан қорқу, жануарлардан қорқу (<i>керегін сызыңыз</i>) басқа (<i>неден қорқатынын көрсетіңіз</i>)
Сіздің балаңыздың туристік жорықтарға қатысу тәжірибесі бар ма (ата-анасымен немесе оларсыз, шарттары, ұзақтығы)?	
БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Балаңыздың бойындағы ең айқын 5 мінез-құлықты көрсетіңіз	1 _____ 2 _____ 3 _____ 4 _____ 5 _____
Өз заттарына деген көзқарасы (заттарын тани біле ме, заттарын жоғалту әдеті бар ма?)	
Балаңыздың қаншалықты өздігінше және өзіне-өзі қызмет	

**«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының
202_____ ж. _____ ауысымына
ҚАТЫСУШЫНЫҢ САУАЛНАМАСЫ**

Қымбатты дос! Біздің қызметімізге көмектесетін сауалнаманы толтыруды сұраймыз.

1	Менің атым	Тегі _____ Аты _____ Әкесінің аты (бар болса) _____
2	Менің мекен-жайым	Облыс _____ Қала (аудан) _____ Ауыл (елді мекен) _____ Көшенің аты _____ Үй № _____ пәтер № _____
3	Мен оқитын мектептің атауы	
4	Сені сипаттайтын 5 сын есімді жаз	1 _____ 2 _____ 3 _____ 4 _____ 5 _____
5	Менің бос уақытымда айналысатыным	Қажетті сөздің астын сызу керек: Би, әдебиет, сурет салу, музыка, ән айту, қолданбалы шығармашылық, роликтер жасау, спорт (қандай түрі) _____. Өз нұсқаңыз: _____.
6	Сен қандай байқауларға, іс-шараларға қатысқың келеді?	
7	Мен топта (Орталықта) ...	<i>Керегінің астын сыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> • көшбасшы (президент, топ басшысы); • іс-шараларды ұйымдастырушы; • іс-шараларды жүргізуші; • тәлімгердің көмекшісі; • іс-шараға қатысушы; • жай ғана көрермен.
8	Менің ауысымнан күтетінім...	<i>3 көрсеткішті таңда және астын сыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> • жаңа достар табу; • өзімді тәуелсіз өмірде сынап көру; • өзімді жақсы білу және түсіну; • жаңа білім алу; • жай демалып, уақытты көңілді өткізу; • өз денсаулығымды нығайту; • өз нұсқаңыз _____

Ата-анасының (заңды өкілдерінің) медициналық қызмет көрсетуге келісімі

Мен, _____

(Ата-анасының (заңды өкілдерінің) аты-жөні)

кәмелетке толмаған _____

(кәмелетке толмаған баланың аты-жөні)

заңды өкілімін (анасы, әкесі, қамқоршысы, қорғаншысы).

(керегінің астын сызыңыз)

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360 – VI ҚРЗ Кодексінің 77-бабының 18-тармағына сәйкес «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының (бұдан әрі – «Балдәурен» РОСО, Орталық) медицина қызметкерлеріне медициналық араласуларды жүргізуге және басқа да емдеулерге, атап айтқанда: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолданыстағы клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсетуге, зерттеулерді, араласуларды, рентгенологиялық және ультрадыбыстық зерттеу әдістерін орындауға хабардар етілген келісім беремін.

Мен қажет болған жағдайда келесі медициналық араласуларды жүргізуге:

- баланың «Балдәурен» РОСО-ға келген кезінен ауысымның әр жеті күні сайын медициналық тексеруге;
- медициналық дене шынықтыру топтарына бөлуге;
- қызметкерлерді (бөлімдердің (кешендердің) басшыларын, ұйымдастырушы-ұстаздарды (тәлімгерлерді), спорт нұсқаушыларын) баланың денсаулық жағдайы туралы хабардар етуге;
- денсаулық жағдайында ауытқулары бар балалар үшін күн тәртібі мен жүктемелерді түзетуге;
- ауысымның басында және соңында бааланың салмағын, бойын, спирометрия және қол динамометрімен бұлшық ет күшін өлшеуге;
- баланың денсаулық жағдайын жүйелі бақылауға, белсенді ауырғандарды анықтауға;
- баланың жеке гигиена ережелерін сақтауын, төсек жабдықтарын ауыстыру мерзімдерін бақылауға;
- ауырған балаларды күнделікті амбулаториялық қабылдауға, анамнез жинауға;
- дәрігерге дейінгі медициналық көмек жасауға;
- баланы ауырған жағдайда уақытылы оқшаулау және/немесе ауруханаға жатқызуға, ҚР аумағында қолданыстағы клиникалық емдеу хаттамаларына сәйкес баланы емдеу мен күтім жасауды ұйымдастыруға;
- балаларды педикулезге, қышымаға, микроспорияға тексеруге;
- қажет болған жағдайда амбулаториялық-емханалық көмек, оның ішінде педиатрия және стоматология, физиотерапия бойынша медициналық көмек көрсетуге;
- жазатайым оқиғалар кезінде шұғыл медициналық көмек көрсетуге, баланы медициналық көрсеткіштер бойынша емдеу-профилактикалық мекемесіне жатқызуға рұқсат беремін.

Аурулардың сараланған диагностикасына қарай, баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда Орталық жақын маңдағы өңірлік медициналық мекемелерге консультациялық және емдеу көмегіне жүгінуге құқылы.

Маған нақты түрде медициналық көмек көрсетудің мақсаттары, әдістері, олармен байланысты қауіп-қатер, медициналық араласудың ықтимал нұсқалары мен салдары, асқынулардың даму ықтималдығы, баланы емдеу-профилактикалық мекемесіне емдеуге жіберу мүмкіндігі, медициналық көмек көрсетудің болжамды нәтижелері түсіндірілді.

Мен ережелері түсіндірілген осы құжаттың барлық тармақтарымен таныстым және келісемін, маған түсінікті.

Осы келісімді мен «__» _____ 20__ ж. бердім және менің баламның (ұл, қыз) «Балдәурен» РОСО-да болған уақытына ғана саналады.

Мен «Балдәурен» РОСО» РМҚК атына жіберілуі мүмкін тиісті жазбаша құжат жасау арқылы өз келісімімді кері қайтарып алу құқығын өзіме қалдырамын, пошта арқылы тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе «Балдәурен» РОСО» РМҚК өкіліне қол қойғызып жеке табыс етілді.

Қолы

«Балдәурен» РОСО» РМҚК бас директоры
С.Алибаевқа

(Ата-анасының (заңды өкілінің) аты-жөні)

(мекен-жайы)

тел.: _____

**«Балдәурен» РОСО» РМҚК ауысым барысындағы іс-шараларға қатысуға
баланың ата-анасының (заңды өкілінің) келісімі**

Мен, _____,

(Ата-анасының (заңды өкілінің) аты-жөні)

_____ ҚР құжаты, _____ сериясы, _____ нөмірі
_____ (қашан, кіммен) берілді

(қорғанышы, қамқоршысы болған жағдайда, оған негіз болатын қорғанышылығы немесе жүзеге асырылатын құжаттың деректемелерін көрсету)

(тұрғылықты мекен-жайы)

менің қызыма / ұлыма _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Ауысымның келесі іс-шараларына қатысуға келісім беремін:

Ауысым іс-шаралары	Келісемін	Келіспеймін
«Олимпия» спорттық мерекесі		
Экскурсиялық сапарлар		
Жаяу жорықтар, тауға жорықтар (шығу)		
Велосипедтермен, роликтермен, самокаттармен сырғанау		
Төбешіктен, шыңғымен, конькимен сырғанау (қысқы уақытта)		
Бассейнде жүзу		
Білім беру, спорт, туристік және тиісті ауысымның бекітілген бағдарламасы шеңберінде Орталықта өткізілетін өзге де іс-шаралар		

Осы іс-шараларға қатысуға қарсы көрсетілімдер жоқ.

_____ / _____ / _____

жеке қолы

ата-анасының (заңды өкілінің) аты-жөні

күні